

А.Дінғазықызы

ҚХР Орталық Ұлттар университеті, Тіл ғылымының докторанты

ЖУНГО МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ

Аннотация: Тіл қоғаммен бірге жасайтындықтан, үздіксіз өзгерісте болады, сондықтан қос тілділік, көп тілділік сияқты жағдай тіл дамуының әр сатысында пайда болып отырады. Сондай-ақ екі елдің сөйлеу тілінің ерекшеліктері қарастырылып, тілдік қолданыстардың ерекшеліктері қарастырылған. Жунго, Қазақстан елдерінің тіл қолданысындағы ұқсастықтары сипатталып, ауызекі сөйлеу тіліндегі ерекшеліктеріне тоқталып, тілдік талдау жасалады.

Тірек сөз: Жунго, Қазақстан, қазақ, тіл, құрылым

А. Дингазықызы

Центральный университет национальностей КНР, докторант лингвистики

НЕКОТОРЫЕ РАЗЛИЧИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В ДЖУНГО И КАЗАХСТАНЕ

Аннотация: Так как язык существует вместе с обществом, происходит непрерывное изменение, поэтому такая ситуация, как, двуязычие, многоязычность, возникает на каждом этапе развития языка. Кроме того, рассматриваются особенности речи двух стран, рассмотрены особенности употребления языка. Описаны сходства в употреблении языка в Джунго, и Казахстане, проведен лингвистический анализ с акцентом на особенности разговорной речи.

Ключевые слова: Джунго, Казахстан, казах, язык, структура

А. Dingazyqyzy

University of Nationalities of the People's Republic of China, PhD student
in language sciences

SOME DIFFERENCES OF KAZAKH LANGUAGE IN CHINA AND KAZAKSTAN

Abstract: Because language interacts with society, it is constantly changing, so situations such as bilingualism and multilingualism appear at each stage of language development. The peculiarities of the spoken language of the two countries and the peculiarities of language usage are also considered. Linguistic similarities between the countries of China and Kazakhstan are described, linguistic analysis is carried out, focusing on the peculiarities of spoken language.

Keywords: China, Kazakhstan, Kazakh, language, structure

Жунго, Қазақстан екі ел қатынасының үздіксіз жиілеуіне байланысты, ғылым саласында зор тоғысулар болып жатыр. Бұл көршілес елдегі ғалымдардың өзара пікір

ауыстыруына, өте-мөте өз тілін түсіне алатын мамандарға төтенше пайдалы болды. Осы орайда, тіл білімімен айналысып жүрген маған да сәті түсіп, қазақ еліне ғылыми сапарға келіп жеттім.

Әрине, ана тілінде барлық адам сөйлей біледі, алайда барлық адам ана тіл маманы бола бермейді, қарамаққа оңай, бас қатырудың қажеті жоқ сияқтанғанмен, іс жүзінде, тіл маманы болу, мен үшін өте күрделі әрі даңқты іс саналмақ.

Тақырыпқа оралайын, дәл осы абзал саясаттардың арқасында, қазақстандық ғалымдармен ғылымды жиналыстарда бірге болдым, сонымен бірге тек қана кітап жүзінде емес, бетпе-бет әңгімелерде пікір алмастыра алатын болдық.

Енді, осы барыстарда байқаған, екі ел қазақ тіліндегі ұқсастықтарға назар салып көрейік.

Әрине, ешқандай тіл тынышты күйде болмайды, ол қоғамның дамуымен бірге дамитын, қоғамның ыдырауымен бірге ыдырайтын бір түрлі қоғамдық құбылыс. Тіл қоғаммен бірге жасайтындықтан үздіксіз өзгерісте болады, сондықтан қос тілділік, көп тілділік сияқты жәйттер тіл дамуының әр сатысында пайда болып отырады. Мысалы, біздің ата-әжелеріміз тек қана ана тілде сөйлейді, ал жастарымыз екі тілді немесе онан да көп тілді болуы мүмкін, бұлда тіл дамуының белгілі сатысында болатын табиғи құбылыс. Алайда, осындай шытырман кезеңдерде, ана тілдің тазалығын қалай сақтау керек? Ана тілдің даралығын қалай сақтау керек? деген мәселе ең маңызды мәселе болып саналмақ. Себебі, тіл тоғысуында, кірме сөздердің қатары молайумен бірге сөйлеу дағдысында да өзгерістер пайда болады, бұндай өзгерістер тілдің лексикасына ғана әсер етіп қалмастан тілдің құрлысына да әсер етеді, бұндай сөйлеу дағдысын қалай қабылдап алғанымызды да білмей қаламыз, сондықтан тіл маманы болу әр адамның қолынан келе бермейді деп ойлаймын.

Ғылыми талқыларда, біздің ғалымдарымыз көбінесе лексикаға, атау-терминдердің алалығына көптеп тоқталады. Меніңше бұлар күрделі мәселелер емес. Атау-терминдерді бірлікке келтіре алмау тіл мамандарының ағаттығы, әркім өз білгенімен термин қабылдаудан болып отыр. Бұны шешу қиын емес.

Ал мен үшін айтқанда, тілдің құрлымы сол тілдің бөгенайын айқындайтын, сол тілдің өзгешелігін басқаларға танытудағы ең маңызды мәселе. Себебі, кірме сөздер, атау-терминдер, жаңарған сөздер, бұлардың барлығын лексика шеше алады. Ал тілдің құрлымындағы өзгерісті өзгерту қиын. Бұл синтаксистің маңызды міндеті. Мысалы, қазақ тіліміз дүние тілдерімен салыстырғанда біршама тұрақты, кері өзгеріске енбеген, дүниенің төрт бұрышындағы қазақ өзара түсінісе алатын, диалекттік паркы зор емес деп мақтанамыз, алайда тіліміздің табиғи құрлымына әсер етіп жатқан сыртқы факторларды байқай алмаймыз. Мысалы, теледидардан мынадай сөйлемдерді көптеп ұғып қаламын, «саған тауға бару керек.....» қазақ тіл құрлымында бұндай сөйлеу формасы жоқ сияқты, Қытайда өссем де өз тілімді жақсы көремін, әрі көптеген кітаптардан бұндай сөйлем формасын көрмегенмін, сондықтан естір құлаққа қатты жағымсыз сезіледі. Әрине біздің сөйлеу дағдымызда сіздерге жақпайтын шығар..... Ослай кете берсек, тіліміздің ерекшелігінен айрылып қаламыз, сондықтан мүмкіндігінше тіл құрлымын өзгертпеуге міндеттіміз.

Төменде, атау-терминдер, кірме сөздер емес қайта өзгеше сөз тіркестерімен сөйлемдерге қарап көрелік. Тек ауызда айта бергенмен еш нәрсе өнбейді, қайта ортаға салып, талқылау керек деп ойлаймын.

Қытай қазақ тілі мен Қазақстан қазақ тіліндегі өзгеше тіркестерге қараңыз. Ұқсас бір тілдің екі елдегі варианттары ұқсамай бара жатқан сияқты. Мысалы: Қазақстанда тұратындар сөйлеу тілінде «пака», «йшо», «вапше», «так», «конешна, «уже»..... сияқты

сөздерді құлды қазақ тілі сияқты қолданады екен, бұдан сырт «негізі», «жанағы», «кәдімгідей» сияқты сөздерді сөйлеу тілінде өте көп айтады, әрине күнделікті бұйымдардың көп сандысын орысша айтуды айтпайақ қойайын..... байқаймын қазақ тілі жанаша бір бағытқа беталып барады-ау деймін..... атау терминдерді бірлікке келтіреміз деп айғай сала бергенше, алдымен дұрыс сөйлеуді қалыпқа түсіруге міндетті сияқтымыз..... тағы да тақырыптан алшақтап кеттім-ау..... иә, жеке сөздер емес, тіркестерге келейікші, жәй сөз тіркестерін әр алуан қолдану, тілдік құрлысымыздың өзгеруі емей немене, біздің мақтана айтағын, дүниенің төрт бұрышындағы қазақтар бір-бірін түсіне береді деп, бұл бағытта кете берсек, қазақ пен қазаққа аудармашы қажет болады-ау, болашақта.

Ал біздегі қазақтар болса тікелей қытай тілінен қабылдамай, мүмкіндігінше қазақша айтады, алайда бейнелеуде тікелей аударманың тәсірінен түрлі тіркестер пайда болады, әрі ауыздан ауызға дереу таралады тіл дағдысына айналып кетеді, содан барып біздің ана тіліміздің құрлысына өзгеріс ене бастайды, бейне сіздердің «саған тауға бару керек», «сүтпен шәй», «етпен самса», «туылған күніңмен», «жалың қалай», «күлкен рақмет», «қалып қояды», «менде бәрі дұрыс», «саған көп оқу керек» сияқты тіректер бізде де бар. Мысалы, біздегі қазақтар «телефон ұру» дейді, бұлай айтудағы себебі қытай тілінен тікелей аударған, сонымен бірге «сабақтан тұсу», «телефон ойнау», «қарбалассың ба» сияқты тіркестер де қытай тілінен тікелей алынған.

Бұлардан сырт, тағы көптеген тіркестер ұқсас емес, мысалы, «міндетті түрде» бізде көп айтылмайды, орнына «сөзсіз»-ді көп айтады, «үй жұмысы»-ның орнына «тапсырма»-ны қолданады, «суретке түсу» дегенді «рәсімге түсу» десе, «көлік жүргізу»-ді «машина айдау» дейді, «кешке қарай» дегенді көбінде «кешке таман» деп қолданады, «ертең бір шара бар» дегенді «ертең бір қыймыл бар» деп айтамыз, «бұл дәрі көмектеспейді» дегенді «бұл дәрінің пайдасы жоқ» дейміз, «лифттен көтерілу»-ді «лифтке шығу» десек, «мен жұмыстамын» дегенді «мен қызыметтемін» дейміз, «кішкене қыйын болды»-ның орнына «быраз қыйын болды» десек, «ақша құйу» дегенді «ақша салу немесе ақша кіргізу» десек, «сыйлық алу»-дың орнына «сауға алу» дейміз..... Әрине ұқсас бір қазақ тілімізде ұқсамайтын тіркестер толып жатыр, сансыздаған жеке сөздермен атау-терминдерді қоспағанда.....

Әрине, әр қандай тіл жеке-дара өз алдына өмір сүрмейді, бірге жасасқан тілдерден кірме сөздерді қабылдап үздіксіз дамып отырады, алайда бұндай сөздердің қатары молайған сайын тілдің тазалығына әсер көрсетеді де, тіл дамып келе шұбар тілге айналады, өзге тілдің тіркестерін қабылдасақ, тілдің табиғи құрлымын өзгертеді, жалпы көзсіз қабылдай берудің пайдасынан зияны көп.

Жоғарыдағы мысалдар, менің қысқа ғана уақытта байқағандарым, мен естімеген сөздер, тіркестер әлі де көп болуы әбден мүмкін. Сондықтан тілшілер бір теорияның соңында жүре бермей, тіліміздің даму беталысына, болашағына назар аударуы керек деп ойлаймын.